



Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru | университет студенттерінің үні | №12 (458) 15 қыркүйек 2018 жыл

ШЫНДЫҚА АПАРАТЫН БІРДЕҢ - БІР ЖОЛ - ФЫЛЫМ ЖОЛЫ

БҮГІНГІ
НӨМІРДЕ

ТАҒАЙЫНДАУ

Жаңа оқу жылында университеттімізде бірқатар кадрлық өзгерістер орын алды.

Университет басшылары, біршама факультет декандары мен құрылым басшылары, кафедра менгерушілер аудиториясы. Жаңадан тағайындалған барлық университет басшылары мен факультет декандарына, кафедра менгерушілерінің жұмыстарына сәттілік тәлеміз.

2 БЕТЕ

ОҚУ ОРНЫ ЖАҢА
КЕЗЕҢГЕ ҚАДАМ БАСТЫ

2018-2019 оқу жылына 2500 түлек студенттер катарына кабылданғанын, жалпы студент контингенті 8 мыңдан асатынын мәлімдеді. Сонымен қатар, алдағы оқу жылына арналған басым бағыттарды баяндады. Оқу орны басшысы Б. Серікбайұлы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «Ұлт жоспары — 100 накты қадамның» 78 қадамы туралы, ЖОО-ның академиялық және басқарушылық дербестігі туралы айтты.

3 БЕТЕ

5 ҚЫРКҮЙЕК -
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ
ТІЛДЕРІ КҮНІ!


2017 жылдың 31 қазаны күні Премьер-министр Бакытжан Сагынтаевтың «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» қол қойған №689 ҚР Үкіметінің қаулысында Қазақстан Халқы тілдері күні 5 қыркүйекте тойланады деп көрсетілген болатын. Тіл мерекесінің 5 қыркүйек болып белгіленуінің өзіндік себебі бар.

4 БЕТЕ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ БАСТЫ
НАЗАРДА

Касиетті Түркістан қаласында жаңа облыс орталығының құрылуды дербес әкімшілік орталық ретіндегі енірдің тарихи мәнінің қайта өрлеуінің белгісі саналады. Үкімет пен министрліктер облыс орталығының құрылышына, қалыптасуына лайықты наزار аударулары тиіс.

5 БЕТЕ



БІЛІМ ЖЫЛЫ ҮНІСІН СЕРПІНМЕН БАСТАЛДЫ

Жуырда оқу ордамызда университет президенті Болатбек Абрасилов, I вице-президент міндеттін атқарушы Пусат Пилтен факультет декандарымен, кафедра менгерушілерімен кездесті.

Болатбек Серікбайұлы жаңа оқу жылында университетте орын алған өзгерістер мен кадрлық тағайындауларды таңыстырыды. Факультеттегі декандары мен кафедра менгерушілерінің өзгерістерінің ашылған қызылым екенін атап етті. Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Ш. Есімованың білімі мен

сонымен қатар, жаңадан

тәжірибелісін алға тартқан университет президенті Жоғары мектеп ішіндегі бағыттардың басшыларына, бірнеше тіл білетін жас мамандарға үлкен үміт, сенім артатынын жеткізді.

Жиынның маңызды бөлігі оқу процесінің өзекті меселелеріне арналды. Б. Абрасилов оқу жоспарын тәжірибеге бейімдеу, оқу процесін дамыту, нақты тәжірибеге бейімдейтін бағдарламалар туралы кеңінен айтты. Жалпы, оқу процесін жүйелі үйімдастыруға қажетті кеңестер мен жоспарларды талқылады. Студенттерді

ғылымға баулу, спорт және шығармашылық жұмыстарды дамыту, жаңа мамандықтар ашу, оқыту технологиясы, платонус бағдарламасы туралы тағы да басқа көптеген өзгерістерді баяндады. ОПҚ біліктілігін бағалап, профиль құзіреттілігін бағалау үшін, карьера жоспарлау үшін психометриялық тестілеу өткізілетінін хабарлады. Ең мықты тренерлер шақырылатынын айтты.

Ақпарат орталығы

СҮЙІНШІ !

СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ АЛТЫННАН АЛҚА ТАҚТЫ



Жуырда Индонезияның Джакарта қаласында өткен XVIII жазғы Азия ойындарында қос бірдей студенттеріміз Дидар Хамза мен Бағлан Ибрағимов алтыннан алқа тақты. Аламан додада Дидар дзюодан, ал Бағлан самбодан бақынан болатын. Екеуі де университеттіміздің Дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттері. Дидар Хамза финалда әлемдік рейтингіде бірінші орында тұрган ирандық Сайд Моллаидан басым түсіп, Қазақстан құрамасына Азия ойындарындағы оныншы алтын жүлдені тарту етті.

Дидар бұған дейін де көптеген әлемдік сайыстарда езінің мықтылығын дәлелдеген спортыши. Дзюодан Қазақстан Ұлттық құрама командасының мүшесі, 2016 жылды Рио-де-Жанейро Олимпиадасына қатысушысы, Әлемдік Гран При кезеңінің қола жүлдегері (2016)

Еуропа кубогының женімпазы (2016), Азия чемпионатының күміс жүлдегері (2016), Жастар арасындағы Әлем чемпионатының қола жүлдегері (2017). 81 келі салмақта сынға түскен дзюдоши Дидардың осы женіске жетуіне тікелей ықпал еткен жаттықтырушысы

өзінің әкесі М. Файзиев болса, университеттегі жаттықтырушысы Ә. Халиллаев.

Жас та болса университеттіміздің атын асқақтатқан 3-курс білімгері, самбошы Бағлан Ибрағимовтың бапкері, ҚР еңбек сінірген жаттықтырушысы Ж. Қасымбеков:—Барлық спортшылардан үлкен үміт күтеміз. Ел үмітін ақтайтын спортшылармыз көбейе берсін! — дедеген ақжолтай тілегін айтты. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Бағлан Ибрағимов 52 салмақ дәрежесін бойынша финалда монголиялық Эрденбаатар Шаллууды женіп өзінің мықтылығын дәлелдеді. Бағлан осыған дейін де бірқатар спорттық додаларда женис тұғырынан көрініп жүрді. Атап айтқанда, жастар арасындағы әлем біріншілігінің қола жүлдегері, еліміз бен Азия біріншіліктерінің женімпазы.

Университеттіміздің оқу-сауықтыру кешенінің менгерушісі Б. Омаров: - Еліміздің атын әлемге әйілі етіп жүрген спортшылардың дайындал жүрген университеттегі жаттықтырушы оқытушыларының еңбегі еренекендігін тілге тиек етті.

8 қыркүйек күні оқу ордамызда Индонезияның Джакарта қаласында өткен «Азиада-2018» ойындарының женімпаздары Д. Хамза мен Б. Ибрағимовпен салтанатты кездесу өткізілді. Қос батырды қарсы алуға университет үйімі, жанкүйерлер түгел қатысты.

Университет президенті Болатбек Абрасилов, I вице-президент м.а. Пусат Пилтен ел намысын қорғаған қос батырды құттықтады. Университет үйімінен жаңа шапан жауап, тұлпар мінгізеді.

«Жаңа оқу жылында біздін университеттегі үйімінде үлкен куанышты жағдай болды. XVIII Азия ойындарында екі бірдей студенттіміз еліміздің намысын қорғай білді. Бұл біз үшін зор мәртебе! Спортшыларды алаңан додаға шығарып салып тұрып: Сендердің арқаларында бүкіл қазақ елі, Түркістан облысы, университет үйімі мен біз бармыз» деп сенім артқан болатынбыз. Сенімді ақтай білгендерін үшін алғысымыдай айтқын келеді. Алдағы уақытта да үлкен женістер, жетістіктер тілеймін! — деді университеттегі президент.

Жеңімпаз жігіттер үкілеп додаға қосқан бапкерлеріне, қолдау білдірген университеттегі президенті Болатбек Серікбайұлына алтындарын білдірді. Кездесу соның концерттік бағдарламасы үласты. Индонезиядағы XVIII жазғы Азия ойындарында жүлделі орыннан көрініп, ел абырайын асырган спортшыларды женісімен құттықтайтымыз. Алдағы уақытта да женіс тұғырынан көріне берсін!

ЯУ-Ақпарат

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА УНИВЕРСИТЕТИМІЗДЕ БІРҚАТАР КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН АЛДЫ. УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛАРЫ, БІРШАМА ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНДАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМ БАСШЫЛАРЫ, КАФЕДРА МЕНГЕРУШІЛЕРІ АУЫСТЫ. ЖАҢАДАН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН БАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛАРЫ МЕН ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНДАРЫНА, КАФЕДРА МЕНГЕРУШІЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСТАРЫНА СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ.



ҮМБЕТОВ Өмірбек Үмбетұлы
оку-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент

ҮМБЕТОВ Өмірбек Үмбетұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор.

Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық политехникалық институтын, Мәскеу тоқыма институтының «Автоматтандырылған басқару жүйелері» кафедрасы аспирантурасын бітірген. 2001-2010 жылдары М.Әуезов атындағы Өңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде факультет деканы, оқу-ісі жөніндегі проректор, 2010-2018 жылдары Қызылорда Болашақ университетінің ректоры қызметтерін атқарды.



ӘБУОВ Әміреқұл Ергешұлы
Рұхани жаңғыру бағдарламасының жетекшісі

ӘБУОВ Әміреқұл Ергешұлы, педагогика ғылымдарының кандидаты, философия ғылымдарының докторы.

1962 жылы дүниеге келген. Шымкент музикалық училищесін, Әл-Фарағи атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтын бітірген. Өңтүстік Қазақстан Араб тілі институтында оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры; Халықаралық Қазақ-Араб университетінің вице-президенті; Өңтүстік Қазақстан Ашық университетінің проректоры; Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті Ашық институтының директоры; М.Әуезов атындағы Өңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Спорт және туризм» факультетінің деканы; Инновациялық орталық бастығының орынбасары; Қазақ Ұлттық өнер университетінде оқу жөні ғылыми істер жөніндегі проректоры; Мәдениет және спорт министрлігінің ұлттық қол жақбарлар және сирек кітаптар орталығының ғылыми істер жөніндегі директордың орынбасары қызметтерін атқарды.



БЕРКІМБАЕВ Камалбек Мейірбекұлы
ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент

БЕРКІМБАЕВ Камалбек Мейірбекұлы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінде «Математика-информатика» мамандығы бойынша білім алды. Жоғары оқу орнынан кейін 1992 жылы ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің арнайы жолдамасымен Түркістан қаласындағы Түркістан мемлекеттік университетінде оқытуышы қызметіне орналасқан.

1992-1995 жылдар аралығында Қ.А. Ясауи атындағы Түркістан мемлекеттік университеті Жоғары математика кафедрасының оқытуышы, аға оқытуышы; 1995-2003 жылдары университеттің Кентау филиалында жоғары математика кафедрасының менгерушісі; 2003-2013 жылдары Кентау институты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары; 2013-2018 жылдары Кентау институтының директоры қызметтерін атқарды. 2007 жылдың және 2013 жылдың «Жоғары оқу орнының үздік оқытуышы» мемлекеттік грантының иегері.

ЕСІМОВА Шолпан Алтынбекқызы
академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім
беру ісі жөніндегі вице-президент

ЕСІМОВА Шолпан Алтынбекқызы экономика ғылымдарының докторы, доцент.

Тараз қаласында 1973 жылы дүниеге келген. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылым институтын 1995 жылы бітірді. Украина Республикасы Президенті жаңындағы Ұлттық мемлекеттік басқару академиясының докторантурасын 2010 жылы тәмамдады.

1996-1997 жылдары Х.Дұлати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде оқытуышы; 2000-2002 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті жаңындағы Мемлекеттік басқару академиясында әдіскер; Осы аттаган академияда 2002-2003 жылдары оқытуышы; 2003-2004 жылдары ғылыми хатшы; 2004-2007 жылдары «Менеджмент және адами ресурстары» кафедрасының менгерушісі; 2007-2012 жылдары «Мемлекеттік және жергілікті басқару» кафедрасының профессоры; 2012-2018 жылдары академияның стратегиялық даму жөніндегі вице-ректор қызметтерін атқарды.



БАТЫРБАЕВ Нұрлан Мұхтарұлы
әкімшілік-шаруашылық істері жөніндегі вице-президент

БАТЫРБАЕВ Нұрлан Мұхтарұлы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор.

25.02.1974 жылы Өңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Өтем елді мекенінде дүниеге келген. 1996 жылы Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Заң» факультетін, 1998 жылы магистратура, 2000 жылы аспирантурасын бітірген. 2006 жылы мамандығы бойынша кандидаттық диссертация корғап, заң ғылымдарының кандидаты (Ph.D) ғылыми дәрежесін алды. 2000-2002 жылдың Зан факультеті деканының оқу-ісі жөніндегі орынбасары; 2002-2006 жылдар Азаматтық құқық және іс жүргізу кафедрасының менгерушісі; 2006-2007 жылдары, Зан және экономика факультетінің деканы; 2007-2009 жылдары университетіміздің Гуманитарлық ғылымдар және бизнес институты директорының ғылыми, әдістемелік және халықаралық істер жөніндегі орынбасары; 2009-2013 жылдары Гуманитарлық-педагогикалық сырттай оқу факультетінің деканы; 2013 жылдан осы күнге дейін Халықаралық қазақ-түрік университетінің әндірістік және шаруашылық істер жөніндегі вице-президенті.



ЖАҢА ТЕЛЕ МАУСЫМ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Университет Президенті «Қазақстан РТРК» басқарма тәрагасының орынбасары мен кездесті

Түркістанға келген Серік Рахметолла мен «Оңтүстік» тәлеарнасының директоры Бауыржан Қамбарұлын университеттің ректоры қабылдап, әріптестік байланыстар төннегінде өнгіме өрбітті. Көзесүде «Оңтүстік»




телеарнасының күзгі жаңа телемаусымының тұсаукесері етті.

Айтулы шараға «Қазақстан РТРК» басқарма тәрагасының орынбасары Серік Егізбаев жетекші. Жаңа телемаусымының ашылу салтанатына университеттің президенті Болатбек Абдрасилов арналы қонақ ретінде шақырыл-

телеарнасының редакторы Мұхтар Атабай, облыстық ішкі саясат басқармасы басшысы Бейсен Текібай, университеттің ректоры Рұхани жаңғыру бағдарламасының жетекшісі Әміреқұл Әбуов та болды.

Ақпарат орталығы

ЯСАУИДІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАДІРЛЕЙМІЗ?



Қазақ халқының рұхани астанасы болған Түркістан қаласы төл тарихымен әрі сол төрек тарихынан сыр шертептің асыл мұраларымен, тарихи тұлғалар және олардың маңдай алды туындыларымен тек қазақ жүртінағана емес, бүтін Орта Азияға, қала берді, алты құрлықта танымал. Қаланың құндылығына екпін беріп тұрған, әрине, даламыздан шыққан ойшыл, ақын, сопы, ислам дінінің насиҳатшысы – Қожа Ахмет Ясауи.

Қазақтың маңдайына біткен тұлғаның есімін бүгіндегі таңдайынан түсірмейтін Түркістан қаласының жүрті Ахмет Ясауи есімін ескеріп, еңбегін елеуді парызын деп біледі. Солай болуы заңдылықта. Қала көркін кіргізіп тұрған күмбезді кесенемен қатар, жергілікті жүрт мактандын етегін тагы бір құндылық – Қожа Ахмет Ясауи атындағы оқу ордасы. Білім сапасы бойынша Қазақстанның жоғарғы оқу орндарының рейтингінде Ахмет Ясауи университеттің жетінші орынды еншілеген.

6 маусымда аталмыш білім мекемесінің құрылғанына 27 жыл толды. Осыған орай түркістандық студенттердің арасында өзі оқып жүрген білім орнайна аты берілген үлгі тұлға Қожа Ахметтің ғұмыры, еңбегі тұралы шағын сауалнама жүргізген болатынбыз. Мұндағы басты мақсат – студенттердің санасына сәлде болса сілкініс беру, тарихи білімін жетілдіру. Жалпы саны 100 білімгерден алынған

сауалнамаңың қорытындысы көңіл қуантарлыштайды емес. Бар болғаны 5 сұраққа жауап беруге қиналғандарды кептеп кездестіргенімізді жасыра алмаймыз. Айтальық, Ахмет Ясауидің бізге қалдырыған асыл мұрасы – оның «Хикметтері». Барлығына еңбегінің есімі «Диуани хикмет» деп белгілі болғаннан соң болар, 17 студент оның қазақшасы «Даналық кітабы» екендігін есінен шығарса керек. Ең қын сұрақ, әрине, оның қашан өмір сүргендігі туралы болды. Тіпті, жауап бермегендердің саны онға жуық. Оның қай жылдары ғұмыры кешкендігі туралы тарихшылар әлі нақты шешімге келмесе де, шамамен XII ғасыр деп болжаган. Бұл тұралы тек сауалнамаға қатысқан студенттердің жартысынан ғана хабары бар болып шықты. Ал оның сопы болғанын жатқа білгенімен сопылықтың не екендігін білмейтінін жасыраймыды. Басына кесене салып берген Әмір Темір мен ұстазы Арыстан бабты жаңылмай тапты.

Тосын алынған сауалнамаға ойланып жауап берген студенттердің Ахмет Ясауи жайлы билімі осында. Біздің мақсатымыз – біліктілігіне баға беру емес, Ахмет Ясауи жайлы аз да болса ақпаратпен сусындуаты әрі тарихының күштегі жаңылардың жадында жаңылар болатын. Басын жүрген топырағынызға тәрітамған тарихи тұлғалардың атын ардақтап, еңбегін ескергеніміз абсолют. Ұлылардың үлт жадынан ұмытылмауыш үшін улес қосайық!

Олжас Әбдіхалық,
2-курс студенті

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС АППАРАТЫНЫң БАСШЫСЫ АЛҒЫС ХАТ ЖОЛДАДЫ



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақтүрк университетінің ректоры, профессор Болатбек Абдрасиловқа ҚР Конституциялық Кеңесінің аппарат басшысы Бақыт Нұрмұханов алғыс хат жолдады.

«Құрметті Болатбек Серікбайұлы! ҚР жоғары оқу орындарының «Құқық» мамандықтары бойынша студенттер арасында Конституцияның құндылықтарын түсіну мәселелері және конституциялық құқықтың қазіргі заманы мәселелері бойынша ессе-конкурсының Республикалық турьна қатысқан Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 4-курс студенті Аяқөз Қөшеге және ғылыми жетекшісі Ержан Мергенбаевқа алғысымызды білдіреміз. Болашақта ынтымақтастығымыз одан әрі жалғасатынына сенеміз», – дедінген алғыс хатта.

Айта кетейік, Қөшег Аяғез 2014 жылы университет базасында өткен I Республикалық «Ясауи» пәндік Олимпиадасында екі кезеңден де сәтті өтіп, жоғары көрсеткішпен Түркия грантын жеңіп алған болатын. Студенттің жылдырында тек оқу үздігі ғана емес, қогамдық жұмыстарда да белсенділік танытып жүретін. 2018 жылы білірген түлеліміз қазіргі таңда Астана қаласында жеке сот орындашысының көмекшісі қызметтің жасап жүр.

Кесіби бағдар бөлімі

* БІЛІМ - ҒЫЛЫМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Қазақстандық Ж00-дың бірқатары жекешелендіріледі

Қазақстанда бірқатар жоғары оқу орындары жекешелендірілетін болады. Бұл туралы Үкіметтің 2015 жылдың 30 желтоқсанындағы «2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кеңір мәселелері туралы» № 1141 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысының жобасында көрсетілген, деп хабарлайды ҚазАқпарат. Атамыш құжатта жекешелендіруге жататын мемлекет иелігіндегі үйімдердің тізімі жарияланған. Олар: «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қызынастар және әлем тілдері университеті», «КИМЭП университеті» АҚ, «О.Байқоныров атындағы Жезқазған университеті» АҚ, Қазақ бас сәулет-құрлығы академиясы» АҚ, «М.С.Нәрікбаев атындағы ҚазМЗУ университеті» АҚ, «Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қогамы. Аталған тізімге «Жезқазғанредмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық кеңіншілер, «Қазақ медени ғылыми-зерттеу институты» ЖШС де кіруі мүмкін. Қаулы жобасын талқылау 20 қыркүйекке дейін жалғасады.

Астаналық 47 түлек Ж00-да тегін оқытын болды

Астанада 47 мектеп түлек қала әкімінің гранты бойынша жоғары оқу орындарында тегін оқытын болады, деп хабарлайды ҚазАқпарат. Елорда әкімдігінен мәлім еткендей, Астана қаласы әкімдігінің жаһындағы комиссия шешімінің қорытындысы бойынша 47 түлек грант иесі атанды. Олардың арасында жетім балалар, мүгедек жандар, ата-ананың қамқорлығынан қалған және көпбалалы отбасыдан шыққан балалар бар. Әкімнің білім гранты сұранысы жоғары мамандықтарға бөлінді. Әсіресе техникалық, педагогикалық және медициналық бағыттарға басымдық берілген. «Біз үшін сіздер барлығының және импазсыздар. Сіздердің грант иегері атануларыңыздың өзі ерік-жігерлерінің бен мақсатшыл екендерінің көрсетіл түр. Сіздер арманға қол жеткізу үшін бірінші үлкен қадамды жасадыңыздар. Бұл тек бірінші жеңіс, қалғаны алда күтіп тұрганына сенімдімін. Әрдайым күшті, белсенді, өмірде де көшбасшы болыңыздар. Күні өртөн сіздер тек өздерінің ғана жол салмайсыздар, елең де септігін тигізесіздер. Бұғандегі сіздердің технология, ғылым тағы басқа да саланы дамытуға керемет мүмкіндіктерінің бар. Сіздерге жоғарыларыңыз бен идеяларыңызды іске асыруға тілекестін», – деді Әсес Искесев. Қорытынды бойынша С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне – 17 адам, «Астана» медицина университетіне – 7 адам, «Тұран Астана» университетіне – 1, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетіне – 14, Қазақ технология университетінде және Еуразия гуманитарлық институтына – 4 түлекten түсті. Айта кетейік, биылғы оқу жылы бірінші рет ЖОО-ларда жана мамандық пайда болды: құрылышта 3D таңбасын жобалаушы, компютерлік жүйенің талдаушысы және әзірлеуші (разработчик), web- дизайнер және ландшафт дизайнері. Бұғандегі дейін әкімнің жалпы білім беру грантына 125 студент ие болды.

inform.kz

МЕМОРАНДУМГА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Оқу ордамызда XVI Халықаралық түркі әлемі Гуманитарлық ғылымдар конгресінің аясында ТҮРКСОЙ үйімінің 25 жылдығына арналған салтанатты шара өтті.

Жынын барысында Халықаралық ғылымның қызметті жайлы арнайы бейненефильм көрсетілді. Секция отырысына Өкілдітті Кеңес мүшесі, профессор М.Шимшек модераторлық жасады.

Алқалы басқосуға алғыс-жақын шет елден 100-ге жуық ғылымдар қатысты.

ТҮРКСОЙ үйімінің атқарған ігі шара, жобалары туралы баяндама жасады. Президиум мүшелері Түркістан облысының әкімі Ж.Тұймебаев, университет президенті Б.Абдрасилов, Өкілдітті Кеңес тәрағасы, профессор М.Иылдыз түркі дүниесін

бірліктірін ірі жұмыстар атқарып жүрген ТҮРКСОЙ үйімін мерейтоймен құттықтап, алғыстарын білдірді.

Жынын соңында Түркістан облысы әкімдігі мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақтүрк университеті арасында білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумга қол қойылды.

Мәжіліс соны оку орда өнерпаздарының концепттік бағдарламасымен жалғасты.

ЯУ-ақпарат



ОҚУ ОРНЫ ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ ҚАДАМ БАСТАУ

Университеттің 2018-2019 оқу жылының кеңейтілген Сенат мәжілісі өтті. Мәжіліске сенат мүшелері, құрылымдық бөлім басшылары, қоғамдастыру-профессорлар құрамы, қызметкерлер мен студенттер қатысты.

Университет Президенті Б.Абдрасилов, I вице-президент М.Куталмыш ұжымды жаңа 2018-2019 оқу жылымен құттықтап, ігі тілектерін жеткізді. Болатбек Серікбайұлы университеттің кадрлық өзгерістерін айта келіп жаңадан тағайындалған ғылыми-зерттеу істер жөніндегі вице-президент К.Беркімбаевты, Рухани жаңғыру бағдарламасының жетекшісі Ә.Әбуовты, Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Ш.Есімована, Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Ә.Умбетовты таныстыруды. Сондай-ақ, Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент П.Пілтеннің, Әкімшілік-шарашылық істері жөніндегі вице-президент Н.Батырбаевтың қызметтеріне қайта бейтілгенін хабарлады.

2018-2019 оқу жылына 2500 түлек студенттер қатарына қабылданғанын, жалпы студент контингенті 8 мындан асатынын мәлімдеді. Сонымен қатар, алдағы оқу жылына арналған басым бағыттарды баяндағы. Оқу орын басшысы Б.Серікбайұлы Елбасы Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру

жөніндегі «Ұлт жоспары — 100 нақты қадамның» 78 қадамы туралы, ЖОО-ның академиялық және басқарушылық дербестіри туралы айтты. Сондай-ақ, университет менеджментін жетілдірудің басты бағыттары, университеттің дамыту стратегиясы, университеттің академиялық қызметтің модернизациялау, ЖОО-ның әлеуметтік жастар саясаты, университет инфрақұрылымын дамыту туралы төрек талдау жасады. Аталған жаңа баставаларды жүзеге асыру арқылы нақты қол жететін нәтижелерді сараптап берді. Университеттің дамуға бағытталған жаңа дәүірі баставаған жүргізген оқу орын басшысы Б.Абдрасилов, ұжымды университеттің әлемдік ЖОО деңгейіне көтеру үшін бірігіп жұмыс жасауга шақырды.

Құнтарлаптінде орай, Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Ә.Умбетов, Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Ш.Есімова, Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент П.Пілтеннің, Әкімшілік-шарашылық істері жөніндегі вице-президент Н.Батырбаевтың қызметтерінде қайта бейтілгенін хабарлады.

Сонымен қатар сала бойынша вице-президенттердің жылдық жоспары, Сенаттың 2018-2019 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді. Әртүрлі мәселелер қаралып, ұсыныстар тындалды.

Ақпарат орталығы

УНИВЕРСИТЕТІМІЗ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақтүрк университеті «Республикалық рейтинг агенттігі» (РРА) үйімдастыруымен «ЖОО бас рейтингі – 2018» көпсалалы университеттің санаты бойынша тағы да 7-орынды иеленді.

Атамыш рейтинг бойынша, университет 2017 жылы 50 ЖОО арасынан 7-орынға түрақтаған бола-тын. Республикалық рейтинг агенттігі жоғары білім ордагарын бағалауда келесідей критерийлерге арқа сүйенеді. Олар академиялық және ғылыми-инновациялық зерттеулер, шетелдік контингент, түлектерге деген сұраныс және интернет-ресурс мәлеметтері. Жалпы, төүелсіз агенттіктердің үйімдастыруымен өтіп жатқан, еліміздің ең үздік оқу орындарын іріктейтін рейт-



тингтерде қатысу университеттің беделін, оның анықтап ғана қоймай, сонымен қатар осал түстарьын анықтап, соларды түзеу арқылы аймақтық және әлемдік білім беру көнітілінде білік шындардан көрініне септігін тигізеді.

ТАРИХ

5 ҚЫРКҮЙЕК - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ ҚҰНІ!



2017 жылдың 31 қазаны күні Премьер-министр Бақытжан Сагынтаевтың «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» қол қойған №689 КР Үкіметінің қаулысында Қазақстан халқы тілдері күні 5 қыркүйекте тойланады деп көрсетілген болатын. Тіл мерекесінің 5 қыркүйек болып белгіленуінің өзіндік себебі бар. Бұл күн – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нарсенің қуаттысы – тіл» деп ұлағатты сөз қалдырган, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының тұған күні. Енді барша қазақстандықтар қазақ әліпбииңінегізін салған, тіл білімі ғылымиын төл тіліміздің ерекшеліктерін басқа тілдердің ықпалының зерттеген ғалымның тұған күнінде Тіл мерекесін тойлады.

Қазақтың әдебиет зерттеуші галымы, түркітаншы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері А. Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Сарытұбек ауылында дүниеге келген болатын. «...Әзге оқыған мұрызалар шен іздел жүргендө, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, үйқы басқан қалың қазақтың үлт намының жыртып, үлттық арын жоқтаған патша заманында жалғызы-ақ Ахмет еді» деп Сәкен Сейфуллин баға берген қазақтың асыл үлті Ахмет Байтұрсынұлының туған күni Тіл мерекесімен қоса тойланатыны қалың қазақ үшін әте қуанышты жағдай екендігі баспасөз беттерінде әте орынды берілді.

Бұл жөнінде Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» үлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры Ербол Тілешов былай деді: «ҚР Премьер-министрдің қаулысымен 5 қыркүйек, яғни Ахмет Байтұрсынұлының тұған күні – Қазақстан халқы тілдерінің күні болып

бекітілді. Сол үшін барлықтарыңызды құттықтағым келеді. Бұрын бұл мере-ке қыркүек айының үшінші жексенбісі болатын. Аханың біраз құжаттарын ақтардық. Бұрын Ахан 1873 жылы 29 қантарда дүниеге келді деп кел-ген. Архивтерді ақтарғанда Аханың өз қолымен жазған үш құжат табылды. Үшеуінде де ол «бесінші қыркүек күні тудым» деп жазылған. Яғни, Ахмет Байтұрсынов 1872 жылы 5 қыркүекте өмір есігін ашқан. Осыған байланысты мектептегі оқулықтардың барлығы тузылтіліп жатыр. Келесі жылдан бастап 5 қыркүек – Қазақстан халқы тілдерінің күні болып аталаып ететін болады».

Мұхтар Әуезов: «...Бір басында саналалы өнер тоғысқан, телегей-төңіз әнциклопедиялық білім иесі, қашшылығы мол тартысты гүмърында қаранды қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білменег ірі тұлға, халықтың рухани кесемі» деп баға берген қазактың асыл ұлы Ахмет

тілдес халықтардың салыстырылғанда, көшілгепер болғаны көрінеді: жазба әдебиеті мен ғылым салалары XX ғасырдан кейінде біршама дамыған деген өзіrbайжан, татар, өзбек, түрік халықтарының өзінде оқу-ағарту мен тіл білімі, әдебиеттану ғылымдары қазан тәңкірісіне, кейбіреулер тіпті 30-жылдарға дейін арабша терминдерді қолданып келіп, ұлт тілдеріне негізделген терминдер жүйесін тәңкірістен кейін, кеңестік кезеңде қалыптастырылғанын білеміз.

қалыптастырылғанын белеміз.
Қазіргі қазақ тіл білімі ғылымының көрnekті ғалымы Нұргелді Уәлиұлы: «А.Байтұрсынұлы түзеген әліпбиді сол кезеңдегі фонологиялық мектептің аға буын өкілдері, әлемдік лингвистиканың көшбасшылары болған Е.Д.Поливанов, сондай-ақ Н.Ф.Яковлев тәрізді көрnekті фонологтер аса жоғары бағалады. Түркітанушы К.К.Юдахин мен А.М.Сухотин латын жазуына көшкеншеше қырғыз халықының Байтұрсын әліпбін сол күйінде қолданғанын атап айтады. Мұның

ең Байтұрыс әліпбійнің үлтараталық мөртебесін көрсетеді. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрысынұлы қазақ жазузының демократиялық бағытқа (халық тіліне) бұрады; қазақ жазуы фонетикалық жазудан феномографиялық жазуға қадам басты; үлттық жазудың негізі қаланды. Қазақ жазуының онтогенездік дамуындағы бұл ерекше кезеңде А.Байтұрысынұлы ақыл-парасаты, қажыр-қайраты лингвистикалық ой терендігі жағынан дәүірдің дара түрган біртуар ұлы тұлғасы болды» – деп ғалымның қазақ жазуы тарихындағы алар орнын ете тамаша көрсеткен.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танаудағы қызметінің бір үлгісі – мектепте қазақ тілін пән ретінде үйретін оқулықтар жазуы. Осы тұста атамыз А.Байтұрсынұлының атақты «Тіл-құрал» атты үш белімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтарын атауға болады. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оку құралы» мен «Тіл құралдарларының орны» айрынша

«Тіл құралдарының» орны айрықша.
Барша қазақстандықтар қазақ әліпбійінің, тіл ғылымының негізін салған ғалымның туған күнінде Тілдер мерекесін атап етуде.

- Тіл мерекесін тойлаудағы мақсатымыз
- Қазақстан халықтарының өз ана
тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл
мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету,
өз үлтynына, еліне деген сүйіспеншілігін
ояту; ана тіліміздің тұғырының мықты
болуына негіз қалаған бабаларымыздың
есиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін
көтеру; Қазақстан Республикасында
тұратын барлық халықтардың тілдерін
курметтеу.

Құрметтегүй. Қадыр ағамыз айтпақшы, «Ана тілің – арын бұл, Ұятың бол түр бетте». Тіл – халық тарихы, тіл – ұлттық қазына, тіл – біздің нағызысымыз, арымыз, байлығымыз, барымыз. Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол адамның бәріне ана сүтімен бірге дариды. Тіл байлышы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Тілімізді қадірлейік, құрметтейік. Тіл мерекесің құтты болсын!

**Нагима ҚОШАНОВА,
Қазақ филологиясы кафедрасы
доценті**

ЕР АЗАМАТТЫҢ БЕДЕЛІ ЖОҒАЛМАСА ЕКЕН...

Әлеуметтік желі бетінде
ер кісіге қамыр жайғызып,
оны әжуалап бейне таспаға
түсірген видео таралып жүр.
Не күлерінді, не жыларыңды
білмейсің?! Атамыш бейне
жазба қалың бұқараға тара-
луы мұн екен алуан түрлі ой-
пікірлер жазылып жатыр. Бірі
мұның әбестік екенін айтса,
екінші тарап үй шаруасына
көмектескеннің ешқандай да
сөккеттігі жоғын алға тартады.
Қазіргі таңда әкениң беделі
төмен түсіп бара жатқан
сиякты.

Анасы әлгіндей бұйрық беріп отырса, оны көрген ұл-қызы да әкесін сыйлай қояр ма екен?! Халқымызда «Ер азамат белгісі: түзде – мырза, үйде құл» деген мақал бар. Мейлі ортақ үй болған соң үй шаруасына қол ұшын тигізген жән делік. Алайда өз басым білек сыбанып ас үйде жүрген еркектің ісін құптамаймын. Ер-азаматтың төрдегі басын есікке сүйреуге әсте болмайды. Ерек қашаңда жігіттік на-мысын жоғары қоюы керек. Бала кезімде әжем ер адамының киімін бөлек жуғызытын. Әйел адам ер кісінің киімін басса, оның бағы таятынын айтып отыратын. Аналарымыз бен әжелеріміз сияқты ерін пір сыйлайтын инабатты қыз, иманды ұл тәрбиелеп отырған әйелдер азаймаса екен. Қазақ қыздары өздерінің



табиғи нәсіктіктерін, ибалылықтарын сақтай отырып, ер-азаматтарды сыйлай білсе, нұр үстіне нұр болар еді. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербейтін аналарымыз салған сара жол болашақ аналарға жөн сілтейтін бағдаршам бола берсін. Ал сіз қалай ойлай-сыз?

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

ҚЫЗҒЫЛТ ТҮСТІ ӨЗЕН ЖАЙЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Бізді қоршаған орта жұмбақта толы. Айналамызда көптеген жаңалықтар болып жатыр. Табиғаттың күштері де, ерекше жаратылыстары да бар. Ең жаңашыл және көркем табигат қызығылт өзендер. Бұл өзендердің ерекшелігі: өзен құрамында тұздың көптілігі және *Dunaliella salina* атты балдырлардың көп болуы. Ол балдырлар бета-каротин мен каротинондтарды беледі. Яғни, өзенге қызығылт түс беретін осы химиялық коспалар.

Африканың батыс бөлгіндегі Сенегал қаласында «Ретба» атты өзен бар. Ол Африканың астанасы Дакар қаласынан 30 км жерде орналасқан. Өзеннің терендігі небеір 3 метр, жалпы ауданы 3 кв.км. Бұл өзеннің қызығыт болуы өте ерекше, себебі өзеннедегі микроорганизмдер 3,5 млрд жыындырып пайда болған. Яғни, Ретба ол кездері тек мұхитпен байланысатын кішкентай көлшік болған. Бірақ, атлантикалық құмдармен арапасып, өзенге түз жинала бастаған. Қазіргі таңда, өзенге қызығыт беріп тұрган-цианобактериялар және тұздың көптілігі.

Цианобактериялар және түздың көптілігі. Ең қызығы бұл өзеннің түсі өзгеріп отырады. Яғни қызығылт түстен, қоңыр түске айнала алады. Оның себебі, күннің тусуі және желдің қаттылығы. Жел неғұрлым қатты болған сайын цианобактериялар ферменттерді көп бөледі. Ал өзеннің түсі осыдан кейін қызығылт түске айнала бастайды. Айта кетептін жағдай, бұл өзенге батып кету ықтималдылығы ете төмен. Өзеннің қақ ортасына отырып, сүйікті кітабыңызды оқи аласыз. Қазіргі таңда өзеннің айналасында қарапайым халық тұрады. Африкалық тұрғындар өздеріне қажетті мөлшердеғі түзды осы өзеннен алады. Сонымен қатар, қызығылт түсті өзендер: Австралияда (Хиллдер), Испанияда (Торревьеха). Канада да кездеселі.

Үміт ҚУАНҒАҢ,
1-курс студенті

ТҮРКІСТАНЫМ ТҰРАНЫМ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫң ҚАЛЫПТАСУЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Ұкімет пен министрліктер Түркістан облысының қалыптасуына лайықты назар аударулары қажет. Бұл туралы ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Әздеріңде білестіндегі, осы жылдың шілде айында Шымкент қаласына республикалық маңызы бар қала мәртебесі беріліп, жаңа Түркістан облысы құрылды. Қасиетті Түркістан қаласында жаңа облыс орталығының құрылуы дербес әкімшілік орталық ретіндегі өңірдің тарихи мәнінің қайта өрлеуінің белгісі саналады. Ұкімет пен министрліктер облыс орталығының құрылышына, қалыптасуына лайықты назар аударулары тиіс. Қазақстандағы бизнес те бұл жұмыстарға араласуы қажет. Мен де ол жаққа бармақтын, басшылармен бірлесіп, мән-жайды

талқылайтын боламыз. Таяу уақытта дамыган жаңа облыс орталығы, экономикамыз бернесімдін жаңа есім нұктесі пайда боларына сенімдімін», – деп атап өтті Елбасы. Қазақстан Президенті облыс орталығының Туркістанға көшірілі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ғана емес рухани жағынан да аса маңызы бар екенін баса айтты. «Олеліміздің киелі жерлерінің бірі. Тарлан тарихының таңдағырылар шешімдер осында қабылданған. Есімдері ел тарихында мәнгі жазылған біртуар тұлғаларымыз осында жай тапқан. Халық тұрғыз қоныстанған тұтас онтүстіктік

